

Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы

09.09.2024ж

Қатысқандар: 14

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс шаралары жөнінде
4. «Республика күні», «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту

1.Тыңдалды: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап б/б меңгерушісі С.Елтаева таныстырып өтті: Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен зерделесек, жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан-жақты азамат етіп тәрбиелеу мәселесі қашан да халқымыздың басты арман мұраты болып келген. Осыған орай, қоғамда білім беру және ғылым беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кәзіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда білім мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтерудің міндеті тұр. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманатына қиянат жасамауымыз қажет.

Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, әдемі, қауіпсіз де ыңғайлы болуын ескерту қажет. Жалпы топтарға тоқталсам бұрыштарды әле де толықтыра түсуді, мазмұндарын өзгертуді тапсырамын. Дамытушы ортаға қажетті құралдарды әрине ата – аналардың көмегінсіз толықтыра алмаспыз. Бірақ балаға ойынға қажетті құралдар қызықты болу үшін де ойластыру керек. Үлестірмелі материалдарды көбейту, үстел үсті ойындарын шолып, қораптарға салу. Балалар жұмысынан әдемі, көрме ұйымдастыру, ұжымдық жмыстарға тарту қажет. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтып, қимыл іс – әрекет етуге ықпал етуіміз керек. Үлкендермен құрдастармен қатынасқа түсіп, тіл байлығы, ой – өрісі артады. Қимылды ойындар атрибуттарын жаңартуды, толықтыруды тапсырамын. Табиғат бұрыштарына дәнді дақылдар жинақтап, гүлдерден гербарий жасауға қазір деген уақыты. Жыл бойына ізденіп, материалдар жинақтап, безендіру жұмыстарын аяқтауды тапсырамын.

2.Тыңдалды: Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі С.Елтаева сөз алды: Ия, жаңа сәби тап – таза ақ парақ секілді. Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата – анаға байланысты. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып. Баланы тәрбиелеудегі мақсатымыз оны жан – жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да қымбат» деген нақыл сөздің мәні бар. Өйткені тәрбиелі ұрпақ ата-ананың мақтанышы. елдің ертеңі. Ата-аналармен біріге отырып балалардың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалыққа үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке бастап, тәлім-тәрбие беру.

Жыл басындағы жалпы ата-аналар жиналысында дәстүр бойынша балабақша мақсаттарымен таныстырып, ата-аналар комитетін сайлау, ата-аналармен қарым қатынас орнатуда қызықты сұрақтар қойып доп беру арқылы жауап алу, сонымен бірге медбикенің тазалық жөнінде кеңестері жоспарланған. Жауапкершілікпен өткізейік.

3.Тыңдалды: Тіл мерекесінен арналған апталық жөнінде б/б меңгерушісі С.Елтаева сөз алды: Қазақ тілін білу Қазақстанның әрбір азаматының мектеп жасына дейінгі кезден

